

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ШЫҰ АЯСЫНДА БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

**Көптлеуова Әсемай Мұхтарқызы**

*koptlleuova@bk.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультеті

«Халықаралық құқық» мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Ж.Зукай

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ары қарай - ШЫҰ) – білім мен мәдениет, сондай-ақ, ғылым мен техника саласындағы аймақтық халықаралық ынтымақтастықты қолдайтын ұйымдардың бірі. Оны біз мынадан байқауымызға болады, ШЫҰ Хартиясының 1-бабында аталған ұйымның негізгі мақсаттары мен міндеттерінің қатарында «саяси, сауда-экономикалық, қорғаныс, құқық қорғау, табиғат қорғау, мәдени, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, несие-қаржы және ортақ мүддеден туындайтын басқа да салалардағы тиімді аймақтық ынтымақтастықты көтермелеу» аталған[1]. Ал Хартияның 3-бабында аталған ұйым қызметінің басты бағыттарының қатарында «ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және туризм саласындағы өзара әрекеттестікті кеңейту» бар[1].

ШЫҰ аясында мемлекеттердің білім саласындағы ынтымақтастығы өзінің бастауын 2005 жылдан алады. 2005 жылы 26 қазанда өткен ШЫҰ Үкімет басшылары Кеңесінің кезекті отырысы нәтижесінде қабылданған Бірлескен коммюникеде «Үкімет басшылары білім беру саласындағы өзара әрекеттестіктің басталуын уақтылы деп санайды. Сондай-ақ, 2006 жылдың бірінші жартыжылдығында ШЫҰ-на мүше мемлекеттері білім министрлерінің Кеңесін өткізу және «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің үкіметтері арасында білім беру саласындағы ынтымақтастық» туралы келісімге қол қою орынды деп таниды» делінген[2]. Ал 2006 жылы 15 маусымда «ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық» туралы келісімге қол қойылды. Аталған Келісім бойынша, тараптар білім саласындағы интеграциялық үдерістерді дамытуға атсалысуға, білім алушылармен және ғылыми-педагогикалық қызметкерлермен өзара алмасуға, білім саласындағы заңнамалар, реформалар бойынша өзара ақпарат алмасуға, білім сапасын көтеру саласында ынтымақтасуға, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды өзара тануға келісті. Сонымен бірге, Келісімнің 10 бабына сәйкес, «тараптардың әрқайсысы өз мүмкіндіктеріне сәйкес, өзінің білім беру мекемелерінде келесі тараптардың тілдерін, тарихын, мәдениетін және әдебиетін оқытуды көтермелейді. Оны әр тарап өзі неғұрлым қолайлы деп есептейтін нысандарда жүзеге асырады»[3].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Халықаралық бағдарламалар орталығының мәліметтері бойынша, бүгінде 100 мыңнан астам қазақстандық жастар шетелдерде білім алуда. Олардың басым бөлігі Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының жоғары оқу орындарында оқып жатыр[4]. Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы елшілігінің хабарлауынша, қазіргі уақытта 14 мыңнан астам қазақстандық Қытайда оқиды. Олар өз есептерінен немесе «Болашақ» бағдарламасының негізінде білім алып жатыр[5].

Қытайдың Қазақстан жастары үшін тартымдылығы жыл сайын артып келеді. Бұл ең алдымен қол жетімділікпен (ҚХР ЖОО-дары шетелдіктерді бастапқы даярлаудың кез келген деңгейімен оқытады), оқу ақысының арзандығымен (АҚШ пен Еуропамен салыстырғанда), жақсы сапамен, салыстырмалы түрде қауіпсіздігімен және географиялық тұрғыдан жақындығымен түсіндіріледі[6].

Ал Қазақстанда оқып жатқан қытайлық студенттердің саны – 1290[7]. Қытайлықтардың басым көпшілігі өз есебінен оқуға келеді, тек аз ғана үлесі - мемлекеттік стипендиялар мен гранттар арқылы оқып жатыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, басқа да жоғары оқу орындарында ҚХР-нан келіп

оқып жатқандар бар. Қытайлық студенттер негізінен қай мамандықтарда көбірек оқитыны туралы нақты мәліметтер жоқ. Көпшілігі Қазақстанға орыс тілін үйрену мақсатында келеді. Орыс тілі ҚХР-ның бизнес және сауда саласында сұранысқа ие, бірақ көптеген қытайлықтар қазақ қалаларын Ресейге қарағанда тыныш және қауіпсіз деп санайды (бірінші кезекте, азиаттарға төзімділік тұрғысынан). Сонымен қатар, Қазақстанда орыс тілін үйрену Ресейге (әсіресе Мәскеу мен басқа да ірі қалаларға) қарағанда арзан[6].

Қазақстан мен Қытай арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық осы мемлекеттердің аумағында қазақ және қытай тілдерінің оқытылуына қолдау жасау түрінде де көрінуде. Қазақстанда қытай тілін оқыту Конфуций институттары арқылы жүзеге асырылып жатыр. 2004 жылы коммерциялық емес ұйым ретінде құрылған бұл Институт қазіргі таңда әлемнің 120-дан астам елінде жұмыс жасайды. Қазір Қазақстанда 5 Конфуций институты жұмыс істейді. Екі мемлекет арасындағы экономикалық, сауда, білім, туризм және басқа да салалардағы ынтымақтастық жыл сайын артуына байланысты, қазақстандықтар тарапынан қытай тілін үйренуге деген сұраныс артуда.

Қытайда біршама үлкен қазақ диаспорасы болғанына қарамастан, қазақ тілін оқыту Қытайда аса сұранысқа ие емес. Қазақ тілін оқыту тек кейбір университеттердің мамандандырылған факультеттерінде жүргізіледі. Бейжіндегі Халықтар орталық университетінде Қазақ тілі мен әдебиеті факультеті бар. Бұл - тек оқыту ғана емес, ғылыми қызмет, әдістемелік және оқу құралдарын әзірлеумен айналысатын академиялық орталық. Сонымен бірге, Шыңжаң-Ұйғыр автономиясында қазақтар көп тұратындықтан, сол аудандағы жоғары оқу орындарында қазақ тілін үйренуге болады[6].

2007 жылы 16 тамызда өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Үкімет басшыларының Бішкек саммитінде Ресей желілік принципке негізделген Университет құруды ұсынды[8]. Білім беруді дамытуға жауап беретін ұлттық ведомстволардың қызметін үйлестіру негізінде ШЫҰ университетінің тұжырымдамасын, жоспарларын және даму нысандарын әзірлеу бойынша жоспарлы жұмыс басталды. Негізгі үйлестіруші орган ШЫҰ білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жұмыс сараптамалық тобы болды. 2010 жылы ШЫҰ университетінің бағдарламаларын іске қосуды пилоттық апробациялау басталды. ШЫҰ университеті мынадай актілер негізінде құрылған және жұмыс істейді:

- 2006 жылғы 15 маусымдағы «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы» келісім;

- 2008 жылғы 24 қазандағы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің білім министрлерінің декларациясы;

- ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің білім министрлерінің үшінші отырысының шешімдері.

2017 жылы 6 маусымда Қазақстан, Қырғызстан және Ресей «ШЫҰ университетін құру және қызмет етуі туралы» келісімге қол қойды. Бұл келісімге қалған мемлекеттердің қол қоюы туралы мәліметтер жоқ.

ШЫҰ университетін құру мақсаты ШЫҰ аясында қабылданған көпжақты халықаралық-құқықтық актілерде айқындалған, мүше мемлекеттердің арасындағы өзара сенім мен тату көршілік қатынастарды одан ары нығайтудан тұрады. Сондай-ақ, ғылыми және мәдени ынтымақтастықты кеңейтуге жаңа серпін беру, жастар үшін сапалы заманауи білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, ал педагогтар мен ғалымдар үшін ғылыми байланыстарды дамыту, ұйымға қатысушы елдердің саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы тиімді ынтымақтастығына жәрдемдесу университетті құру мақсаты болды[9].

Бүгінде бұл университет жүйесінде 6 мемлекеттің 79 университеті 7 бағыт бойынша (оның ішінде 14 қазақстандық ЖОО 5 бағыт бойынша) жұмыс істейді[10].

Қазақстан Қытаймен білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты ШЫҰ аясында қабылданған шарттар ғана емес, сондай-ақ, екі жақты шарттар негізінде де іске асырып келеді. Мысалы, 1992 жылы 10 тамызда ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасында «Мәдени ынтымақтастық туралы» келісімге, 2003 жылы 3 маусымда «Білім саласындағы ынтымақтастық туралы» келісімге қол қойды.

Ресейлік зерттеуші Г.И. Цвыктың пікірінше, «жыл сайын ШЫҰ аясындағы бірлескен мәдени іс-шаралар саны артып, олардың бағдарламасы мазмұнды болып келеді. Ұйымның халықаралық аренадағы беделі артып келе жатқанын ескерсек, мұндай іс-шаралар ШЫҰ халықтарының мәдени байланыстарын дамытуға және тереңдетуге ықпал етеді. ШЫҰ тиімді саяси және экономикалық ынтымақтастықтың форматына айналды, ал ортақ мәдени кеңістікті қалыптастыру, сөзсіз, осы ұйым елдері халықтарының тығыз жақындасуына ықпал етеді»[9].

Зерттеушінің бұл пікірін ШЫҰ-ның ортақ білім беру кеңістігін қалыптастыруға бағытталған (мысалы, ШЫҰ университетін құруы) әрекетіне қатысты да айтуға болады деп ойлаймыз.

Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық мемлекеттерден белгілі бір қаржылық шығындарды қажет етеді, сондықтан оның тереңдеуі мемлекеттердің экономикалық мүмкіндіктеріне де байланысты.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ШЫҰ Хартиясы. [Электронды ресурс] URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51031885#pos=2;-43](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51031885#pos=2;-43) (қаралған күні 30.03.2021)
2. Совместное коммюнике по итогам заседания Совета глав правительств (премьер-министров) государств-членов ШОС. [Электронды ресурс] URL: <http://rus.sectsco.org/documents/> (қаралған күні 30.03.2021)
3. Соглашение между правительствами государств-членов ШОС о сотрудничестве в области образования. [Электронды ресурс] URL: <http://rus.sectsco.org/documents/> (қаралған күні 30.03.2021)
4. [Электронды ресурс] URL: <https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-01/mon-planiruet-vdvoe-uvlichit-kolichestvo-obuchayuschikhsya-za-rubezhom> (қаралған күні 30.03.2021)
5. [Электронды ресурс] URL: <https://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/item/288845-v-podnebesnoj-uchatsya-bolee-14-000-kazakhstanskikh-studentov> (қаралған күні 30.03.2021)
6. Валеев Р. М., Кадырова Л. И. Гуманитарное сотрудничество Китайской Народной Республики и Республики Казахстан в сфере образования (1990-2000-е гг.) // Вестник КазГУКИ. - 2015. - №1.
7. [Электронды ресурс] URL: [https://forbes.kz/process/education/skolko\\_inostrannyih\\_studentov\\_uchatsya\\_v\\_kazahstane/](https://forbes.kz/process/education/skolko_inostrannyih_studentov_uchatsya_v_kazahstane/) (қаралған күні 30.03.2021)
8. Ефремова Л.И., Федоров Р.Г. 10 лет университету Шанхайской организации сотрудничества: основные результаты работы // Вестник РУДН. Серия: Всеобщая история. - 2017. - №4.
9. Цвык Г.И. Российско-китайское гуманитарное сотрудничество в рамках ШОС // Вестник РУДН. Серия: Международные отношения. - 2018. - Т. 18. - № 2. - С. 415—428.
10. ШЫҰ университетінің ресми сайты. URL: <http://uni-sco.com/> (қаралған күні 30.03.2021)